

**Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 2 хаттамасы

6 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. Кеңес төрайымы А.Аксеитова.
2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Кеңес мүшесі С.Абдрахманова.

Барысы:

Бірінші сұрақ бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Аксеитова А.Б. сөз алды:

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр бүлдіршінге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, бүлдіршіндер тәрбиешінің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киімдегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Тәрбиешінің шаш үлгісі өзіне жарамды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімдікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа алам кіріп келгенде олардың орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Балабақша ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Абдрахманова Сакып Константиновна сөз алды:

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді. Ұстаз этикасы – педагог мен бала, ата-ана мен педагог арасында қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейін жалпы нормаларды қарастырады.

Қорытынды сөз.

Кеңес төрайымы А.Аксеитова:

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінде ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Тәрбиеші тек педагог емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты. Педагог өз ісіне қарауға міндетті. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. Өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы әңгімелесу өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Аксеитова

Н.Молдагайсина